



2022 ж. 3 маусымда өткен  
«Жаңа Қазақстанға – жаңа әліпбимен»  
халықаралық ғылыми конференция  
қатысушылары атынан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВҚА**

**«Қазақ ұлттық жазуы туралы»**

***Аса мәртебелі Қасым-Жомарт Кемелұлы!***

«Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіру керек» деген тапсырмаңызды орындау мақсатында осы күнге дейін жинақталған, сұрыпталған, талқыдан өткен және тілші ғалымдар **ресми түрде мақұлдаған және жария түрінде ұсынған пікірін** Сізге жолдауды жөн көріп отырмыз.

Төменде хронологиялық тәртіппен тілші мамандарының ұжымдасып –

- алқалы басқосу қарары;
- ғылыми-зерттеу;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмысының ресми қорытындысы;
- халықаралық ұйымының немесе арнайы әліпби жасақтау үшін құрылған жұмыс тобының шешімі;
- мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты және ғылыми академияларының ғылыми кеңесі бекіткен ұжымдық монографияларының тұжырым түйіні ретінде құжатталған пікірлерді хронологиялық түрде – әр шешім мен қорытынды топтамасын жеке беттен бастап, рет-ретімен қарауға жіберіп отырмыз.

Басты ерекшелігі – қазақ тілінің және түркітану, түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың **коллегиялы және рәсімделген (ресми құжатталған)** пікірі соңғы отыз жылдың ішінде еш өзгерместен, айналдырған **бір нұсқаны** ұсынуында.

Олай болса, бұрыннан қалыптасқан, баспа бетінде жарияланған және көптеген халықаралық конференция резолюцияларында, ғылыми монографияларда құжатталған қазақ тілінің ұлттық жазуына назарыңызды аудару міндетіміз деп есептейміз.

*Қосымша: 27 (жиырма жеті) бет.*

Құрметпен,

**Халықаралық “Қазақ тілі” академиясының президенті,  
Халықаралық түркітану орталығының төрағасы,  
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, филол. ғыл. докт., проф.**

 **Ерден ҚАЗЫБЕК**

**Хатта баяндалған ұсынысты қолдайтын отандық  
және АҚШ, Түрік, Әзербайжан, Өзбек, Қырғыз, Ұйғыр, Татар, Чуваш  
ғалымдарының тізімі**

**Бижомарт ҚАПЛАБЕК –**

Халықаралық “Қазақ тілі” академиясының Вице-президенті,  
Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры

**Фәузия ОРАЗБАЕВА –**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының  
докторы

**Анаркүл САЛҚЫНБАЙ –**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақ тілі»  
кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор

**Раушан АВАКОВА –**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Түркітану және  
тіл теориясы» кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының  
докторы, профессор

**Қаламқас ҚАЛЫБАЕВА –**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
профессоры, филология ғылымдарының докторы

**Ахмет Бижан ЕРЖЫЛАСУН –**

Гази университетінің профессоры, ғылым докторы (Анкара)

**Камал АБДУЛЛА –**

Халықаралық "Түркология" ғылыми журналының  
Бас редакторы, Әзербайжан тілдер университетінің ректоры,  
Әзербайжан ғылым академиясының академигі (Баку)

**Гүрер ГҮЛСЕВИН –**

Түрік тілі академиясының (Түрік Тіл Құрымы) президенті,  
профессор, ғылым докторы (Анкара)

**Юлай ШӘМІЛҰЛЫ –**

Америка Құрама Штаттары Түркологтар Ассоциациясының  
президенті, Назарбаев университеті Түркітану кафедрасының  
меңгерушісі, профессор, ғылым докторы

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛІ –**

Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының  
Вице-Президенті, ҚР ҰҒА академигі (Нұр- Сұлтан)

**Жұмағали ӘБУОВ –**

Жаратылыстану ғылымдарының академигі, Калифорния  
университетінің (АҚШ) профессоры, филология ғылымдарының  
докторы

**Мағрипа ЕСКЕЕВА –**

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
профессоры, филология ғылымдарының докторы (Нұр-Сұлтан)

**Бүлент БАЙРАМ –**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті «Түркітану»  
ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
профессор, ғылым докторы

**Қадыралы ҚОҢҚОБАЙ –**

Қырғыз-Түрік Манас университетінің профессоры (Бішкек)

**Мұстафа ӨНЕР –**

Еге университетінің профессоры, ғылым докторы (Измир)

**Шыңғысхан ЖАНАЛТАЙ –**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті «Еуразия»  
ғылыми-зерттеу институтының директорының орынбасары

**Қарлығаш АЙДАРБЕК –**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы

**Велинур МАХПИРОВ –**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем  
тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының  
докторы

**Болат БОРАНБАЙ –**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, профессор,  
филологияғылымдарының кандидаты

**Осман ҚАБАДАЙЫ –**

Ахи Евран университетінің профессоры, ғылым докторы (Қыршехир,  
Түркия)

**Мұрат САБЫР –**

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

**Бауыржан ЖОНКЕШОВ –**

филология ғылымдарының кандидаты

**Бердияр ЙҰСУФ –**

Өзбекстан Ғылым академиясы Өзбек тілі, әдебиеті және фольклоры институтының Жетекші ғылыми қызметкері, профессор, ғылым докторы (Ташкент)

**Әбдухап ҚАРА –**

Мимар Синан университетінің профессоры, ғылым докторы (Түркия)

**Гүлғайша САҒИДОЛДА –**

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы (Нұр-Сұлтан)

**Николай ЕГОРОВ –**

Чуваш мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы (Чебоксары)

**Мұхтархан ОРАЗБАЙ –**

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Түркиядағы филиалының төрағасы, профессор, ғылым докторы

**Фарид ХӘКІМЗЯН –**

Татар энциклопедиясының құрушысы, Татар мемлекеттік гуманитарлы институты ғылыми журналының Бас редакторы, «Ұлттық мәдениет» журналының Бас редакторы, профессор, ғылым докторы (Қазан, Татарстан)

**Болат ЖЕКСЕНҒАЛИЕВ –**

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Батыс Қазақстан филиалының төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты (Орал)

**Жанар АБИТЖАНОВА –**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

**Руслан АРЗИЕВ –**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

**Ерғали ЕСБОСЫН –**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

**Бақтыбай ЖҰМАДІЛДА –**

Қазақтану институтының директоры, «Қазақтану» журналының Бас редакторы (Нұр-Сұлтан)

**Хәкім ОМАР –**

жазушы, публицист, баспагер

**Әділет АХМЕТҰЛЫ –**

гуманитарлық ғылымдар магистрі, ақын, публицист

**Балжан ЕШМЕТОВА –**

PhD докторант, түркітанушы

**Мейрамбек ТАУБАЛДИЕВ –**

PhD докторант, тілші-филолог

# «Бірінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» резолюциясы

1991


Алғашқы құжат – «Бірінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» резолюциясы.



№ 1. «Бірінші халықаралық түркі әліпби симпозиумы». Стамбұл, 1991

ЖОО-ың филология факультеттерінің профессорлары түркі тілдерінің дыбыс құрамы мен графикалық ерекшеліктерін зерделей келе, бір ортақ (бірдей айтылатын) дыбысты бір ортақ (бірдей болып жазылатын) таңбамен белгілеу және бір дыбысты бір әріппен беру ұстанымы арқылы – жазбаша түрде, қолхат негізінде [қ.: № 2] 34 таңбадан тұратын «Ортақ түркі әліпбиді» түркі елдерінің зиялы қауымы назарына ұсынды [қ.: № 3].

Бұл алқалы жиын 1991 жылдың 18-20 қараша аралығында өткен [қ.: № 1]. Үш күн бойы Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Чувашия, Қарақалпақстан, Тува, Алтай, Хакассия, ҚХР Шыңжан-ұйғыр автономдық ауданы, Қабарды-Балқар, Дағыстан, Қарашай-Шеркес, Сақа-Якутия, Гагаузия, Солтүстік Кипр, Қырым филолог-тілшілері және Еуропаның ірі түркі диаспораларының өкілдері – тілдік ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, жетекші



№ 2. «І-ші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» қолхатты Қарарынан үзінді

a	b	c	ç	d	e	ä
f	g	ğ	h	x	ı	ı
j	k	q	l	m	n	ñ
o	ö	p	r	s	ş	t
u	ü	v	w	y	z	

№ 3. «I-ші халықаралық түркі әліпби симпозиумы» қабылдаған «Ортақ түркі әліпбиі» түркі әліпбиі симпозиумына»

сол кездегі Қазақ Кеңес Социалистік Республика атынан арнайы қатысқан делегация құрамы: профессор, ғылым докторы К.Ш.Хұсайын, Ә.Жүнісбек, В.Ұ.Махпиров және Е.З.Қажыбек.

Қорыта келгенде, 1991 жылғы Халықаралық әліпби симпозиумы қарарына сәйкес қазақ тілінің латыннегізді әліпбиінің нұсқасы төмендегідей болып ұсынылды – қ. [№ 4]:

<b>A a</b>	<b>Ğ ğ</b>	<b>L l</b>	<b>S s</b>
<b>Ä ä</b>	<b>H h</b>	<b>M m</b>	<b>Ş ş</b>
<b>B b</b>	<b>İ i</b>	<b>N n</b>	<b>T t</b>
<b>Ç ç</b>	<b>ı ı</b>	<b>Ñ ñ</b>	<b>U u</b>
<b>D d</b>	<b>Y y</b>	<b>O o</b>	<b>Ü ü</b>
<b>E e</b>	<b>J j</b>	<b>Ö ö</b>	<b>V v</b>
<b>F f</b>	<b>K k</b>	<b>P p</b>	<b>W w</b>
<b>G g</b>	<b>Q q</b>	<b>R r</b>	<b>Z z</b>

№ 4. «Бірінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» қарарына сәйкес қазақ тілінің латын әліпбиі (1991)

Ғалымдар **ü, ö, ä, ç, ş, ı** әріптерінің дәстүрлі кеңейтілген латын қорында белсенді пайдаланымда болғанын және қазіргі неміс, француз, испан, мажар (венгр), исланд, фин, португал, чех, словак, хорват, поляк, румын, итальян, нидерланд (голланд), ж.б. көптеген әлем тілдерінде кең қолданыста екенін атап өтті.

«Бірінші халықаралық

**Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркияда  
өткізілген арнайы халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциялардың резолюциялары  
бойынша нұсқа**

**1992-1995**



**Келесі құжат топтамасы – 1992-1995 жылдары Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркияда өткізілген арнайы халықаралық ғылыми конференциялардың резолюциялары.**

Аталмыш тілші маман ғалымдарының түркі әліпби жасақтау проблемаларына арналған басқосуларында осы тақырып жан-жақты талқыланып, сарапталып, аяғында мақұлданған латын әліпби нұсқасы қоса беріліп отырды.

Аталған іс-шараларға Қазақстан атынан қатысқан ғалымдар – сол уақытта Тіл білімі институтының директоры қызметін атқарған танымал ғалым академик Ә.Т.Қайдаров, академик Ә.Айтбайұлы, филология ғылымдарының докторлары К.Ш.Хұсайын, Ә.Жүнісбек және Е.З.Қажыбек.

Алқалы жиындарда Ортақ түркі әліпби құрамына әзербайжан мен татар қатысушыларының өтініші бойынша көп өзгеріс енбеді, бір-ақ қана белгі алмастыруы мақұлданды. Атап айтқанда, дәстүрлі умлауттық **ä** орнына әзербайжан мен татар тілдерінде бұл әріппен таңбаланатын дыбыс өте жиі кездесетін болғандықтан (*ədəbiyət, məsləhət, məmləkət*) жазуға ыңғайлы болсын деген уәжбен – **ä** таңбасы кәдуілгі **ә** әрпімен ауыстырылды. Осындай қадам бірізді жүйелілікке кереғарлау болғанның өзінде, әзербайжан мен татар тілдерінің ерекшелігін назарға ала отырып, барша қатысушылар ымыраластық, компромисстік пәтуаға, әсіресе аталмыш тілдер үшін, барғанды жөн көрді.

Осы жерде атап өтетін маңызды жайт, ортақ түркі әліпбиі – міндетті түрде орындалуға тиісті қатаң нұсқау емес екендігін қаперде тұтқан жөн. Бұл құжатты – осы сала бойынша жетекші ғалымдары мен мамандарының ұсынысы, өтінімі, игі ниетті талап-тілегі деп қабылдаған абзал.

Тағы бір, қайталап айтуға реті бар, барша түркі тілдері бойынша тілші ғалымдарының ортақ ұстанымдарының ішінде ең негізгісі осылар деп көрсетуге болады:

- **бірдей айтылатын ортақ дыбысқа бүкіл түркі тілдерінде, мүмкіндігінше, ортақ, яғни бір, таңба белгіленгені дұрыс деп есептейміз;**



- жеке бір дыбыс – жеке бір таңбамен берілген жөн;
- дауысты дыбыстың таңбасымен дауысты дыбыстар және дауыссыз дыбыстың таңбасымен дауыссыз дыбыстар беріледі;
- белгілі бір түркі тілінде жоқ кірме дыбыстары үшін жаңа әріпті әліпбиге енгізудің қажеті жоқ – бөгде дыбысты төл дыбысты таңбалайтын әріппен белгілеген тіл тазалығы үшін ұтымды жол.

1992-1995 жылдарда өткізілген ғылыми конференцияларға, негізінен, егемен Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекістан республикаларының ғалымдары қатысты.

Бұл алқалы халықаралық жиындардың нәтижесіне сүйене әрі сүйсіне отырып Тіл білімі институтының директоры, академик Ә.Т.Қайдар қазақ тілінің латын графикалы әліпбиінің нұсқасын [қ.: № 5] республикалық баспасөз беттерінде бірнеше рет арнайы жариялады (қ.: «Егемен Қазақстан», 2000, 26 шілде; Ә.Қайдар. Ғылымдағы ғұмыр. II том. Алматы, 2014, 435-437 б.):

A a	İ i	M m	S s
Ä ä	ı ı	N n	Ş ş
B b	Y y	Ñ ñ	T t
D d	J j	O o	U u
E e	K k	Ö ö	Ü ü
G g	Q q	P p	W w
Ğ ğ	L l	R r	Z z

№ 5. 1992-1995 жылдары Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркияда өткізілген арнайы ғылыми-практикалық конференциялардың резолюцияларына сай даярланған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, академик Ә.Т.Қайдар нұсқасы

Осы нұсқада 28 төл қазақ дыбысына 28 әріп бөлінді. Қазақ тілі үшін кірме болып саналатын **f, v, ç** және **h** дыбыстарына ұлттық нұсқада әріп берілмеді.

Таза ғылыми тұрғыдан келгенде аталмыш нұсқамыз қазақ тіліне ең сай нұсқаларының бірі болып есептелері хақ.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының нұсқасы


2006-2015



2006 жылдан бастап 2015 жылға дейін қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесі кешенді түрде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бірнеше мемлекеттік тапсырыстар аясында жоспарлы тақырып түрінде жан-жақты зерттеліп, бірнеше монография, мақала жинақтары түрінде қорытылып, егжей-тегжейлі талданды.

ҚР БҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ең соңғы және кешенді 2013-2015 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру бойынша жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» деген атпен қорытынды ұжымдық еңбегін Ғалымдар кеңесі шешімі негізінде 2016 жылы жарыққа шығарды [қ.: № 6].

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жетекші ғалымдарының үш жылдық ұжымдық еңбегінің нәтижесінде латын әліпбиді пайдаланатын Еуропа елдерінің және латын негізді жазуға көшкен түркі халықтарының, Қазақстанның 1929-1941



№ 6. Бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру бойынша жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу қорытындысы. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. 2016

ж. тәжірибесі, бүгінгі тілдік реформа талаптары жан-жақты әрі кешенді ғылыми-теориялық және эксперименттік-практикалық тұрғыдан зерттеліп, ең соңында оңтайлы болып табылған латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпби жобасы ұсынылды [қ.: № 7].

Аа	Аа
Ăă	Әә
Bb	Бб
Vv	Вв
Gg	Гг
Ĝĝ	Ғғ
Dd	Дд
Ee	Ее
Jj	Жж
Zz	Зз
Yy	Йй
Kk	Кк
Qq	Ққ
Ll	Лл
Mm	Мм
Nn	Нн
Ññ	Ңң
Oo	Оо
Öö	Өө
Pp	Пп
Rr	Рр
Ss	Сс
Tt	Тт
Ww	Уу
Uu	Ұұ
Üü	Үү
Ff	Фф
Hh	Хх
Šš	Шш
Cc	Чч
Ii	Ыы
İi	Іі

№ 7. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. Алматы, 2016, 395 б.

Түптен келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпбиінің нұсқасы жоғарыда көрсетілген ортақ түркі және Ә.Т.Қайдар нұсқаларымен сарындас және солардың негізінде құралғанын анық көріп отырмыз.

Академик Ә.Т.Қайдар жобасынан азғантай өзгешілігі: [ч], [х], [ф] және [в] дыбыстарын таңбалайтын **c, f, h, v** әріптері енгізілді. [Ш] дыбысын диакриттік құйрықшамен емес (**ş**) – жоғарғы қанатшамен беру ұсынылды (**š**) [қ.: № 8]:

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ä ä	H h	M m	Š š
B b	İ i	N n	T t
C c	I ı	Ñ ñ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

№ 8. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпбиі.

Монографияның қорытынды бөлімінде берілген ескертпе де өте маңызды: «Латын әліпбиіндегі **i** қазақтың төл сөздерінде [i] дыбысын береді: *ini* (іні), *bir* (бір), ал кірме сөздерде [и]-ді береді: *kino* «кино», *import* «импорт»; Латын әліпбиіндегі **u** қазақ төл сөздерінде [ұ] дыбысын береді: *ul* [ұл], *urpaq* [ұрпақ], ал кірме сөздерде [у]-ды береді: *universitet* (университет), *Peru* (Перу); дауыссыздан кейін тұрған қазіргі [и,у] әріптерінің құрамы [ый, ій, ұу, үу] түрінде ажыратылып жазылады»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. Алматы, 2016, 395 б.



## Халықаралық ынтымақтастық ұйымы

### «Türk Keneşi» ұсынымы

2012

2012 жылдың 1 желтоқсанында түркі тілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық ұйымы «Türk Keneşi» («Turkic Council») – арнайы мәлімдеме қабылдады [қ.: № 9].

Мәлімдемеде барлық түркі мемлекеттері мен түркітанушыларға, зиялы қауымға 1991 жылы қабылданып, кейінгі жылдары бірнеше ғылыми жиын, конференцияларда мақұлданған ортақ түркі латынграфикалы әліпбиді [қ.: № 9] ұстануға ұсыным (рекомендация) жасалынды [қ.: № 10].




№ 9. Түркі тілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық ұйымы «Türk Keneşi» («Turkic Council») Бас хатшысы Халил Ақынжы мен Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Ж.Қ.Түймебаев. Стамбұл, 2012 ж.

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ә ә	H h	M m	Ş ş
B b	İ i	N n	T t
Ç ç	ı ı	Ŋ ŋ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

№ 10. Түркі тілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық ұйымы «Türk Keneşi» («Turkic Council») мақұлдаған Ортақ түркі алфавит негізіндегі қазақ латын графикалы әліпбиі

# Халықаралық Түркі академиясы

2015-2017



№ 11. Халықаралық Түркі академиясы 2017 жылы арнайы шығарған «Түркі ортақ латын әліпбиі» атты монографиясы.

2015-2016 жылдары Халықаралық Түркі академиясы аталған мәселені арнайы зерттеуді ұйымдастырып, латын әліпбиіне көшкен түркі мемлекеттерінің тәжірибесі мен осы жазуды пайдаланатын бірқатар еуропалық елдердің тәжірибесін мұқият және жан-жақты зерделеді.

Нәтижесінде 2017 жылы ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі ретінде – қазақ тілінің **ұлттық латын әліпбиі ұсынылған** ғылыми монография жарық көрді [қ.: № 11].

Халықаралық Түркі академиясы 2017 жылы арнайы шығарған «Түркі ортақ латын әліпбиі» атты монографиясында берілген қазақ тілінің ұлттық латын әліпбиінің [қ.: № 12] Халықаралық Түркі академиясының Ғылыми кеңесінде мақұлданған нұсқасы мынау:

A a	Z z	O o	Ü ü
Ә ә	Y y	Ö ö	Ş ş
B b	Q q	P p	I ı
Ğ ğ	K k	R r	İ i
G g	L l	S s	
D d	M m	T t	
E e	N n	W w	
J j	Ŋ ŋ	U u	

№ 12. Түркі ортақ латын әліпбиі. Астана, 2017, 239 б.

Жоғарыда анық көрсетілгендей, Халықаралық Түркі академиясы ұсынған ортақ түркі әліпбиінің негізінде түзілген қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасы» толығымен академик Ә.Т.Қайдардың нұсқасымен сәйкес келеді: дыбыс және әріп саны – 28, кірме дыбыстар (f, v, h, ç) ұлттық нұсқаға енгізілмеді.

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру»  
қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі  
Ұлттық комиссиясы  
«Қазақ тілін латын графикасына көшіру» Жұмыс тобы**

**2017 ж.**



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру Ұлттық комиссиясының құрамында 2017 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Қаулысы бойынша «Қазақ тілін латын графикасына көшіру», мемлекеттік тілдің латын графикасындағы бірыңғай стандартын даярлау Жұмыс тобы құрылғаннан кейін әртүрлі бейіндегі лингвист-ғалымдардан, түркологтардан, жазушылар мен журналистерден, баспа саласы қызметкерлерінен, компьютерлік технология мамандарынан, қоғам қайраткерлерінен, БАҚ және интернет-порталдар редакторларынан, қоғамдық бірлестіктерден, ҒЗИ басшыларынан және мемлекеттік органдар өкілдерінен жасақталған – 23 адамдық Жұмыс тобы, 8 адамдық Сараптамалық кеңес және



17 адамнан тұратын Әріптестік қолдау тақырыптық топтары жарты жыл ішінде

ұсынылған жүздеген нұсқаларды талдап, 2017 жылдың тамыз айының соңында қазақ тілі әліпбиінің түпкілікті бір нұсқасын бітірді.

Алайда, өкінішке орай, мамандар мен арнайы құрылған Жұмыс тобының жобасы тиісті мекеме тарапынан қабылданбады және кейіннен қоғамға әліпбидің үш нұсқасы – бірінші диграфпен (Парламентте), екінші апострофпен (Мемлекет басшысының бірінші Жарлығы) және үшінші акуттармен (соңғы Жарлық) ұсынылғанына бәріміз куә болды. **Әліпбилердің жоғарыда айтылған үш нұсқасының ешқайсысы Қазақстанның тілші филолог ғалымдарына және «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құрамындағы қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі және мемлекеттік тілдің латын графикасындағы бірыңғай стандартын даярлау Жұмыс тобының мүшелеріне қатысы жоқ екенін ашық айтуға мәжбүрміз.**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру Ұлттық комиссиясының құрамындағы қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі және мемлекеттік тілдің латын графикасындағы бірыңғай стандартын даярлау Жұмыс тобының дайындаған «Қазақ тілінің классикалық латыннегізді әліпбиінің» жобасы бұдан бұрын келтірілген тіл мамандарының ұсыныстарының ұстанымдарын толық сақтайтын нұсқа болды [қ.: № 13]:

#### Қазақ тілінің классикалық латыннегізді әліпбиі

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ä ä	H h	M m	Ş ş
B b	İ i	N n	T t
Ç ç	ı ı	Ŋ ŋ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

№ 13. ҚР Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту Ұлттық комиссиясы Қазақ тілін латын графикасына көшіру жөніндегі және мемлекеттік тілдің латын графикасындағы бірыңғай стандартын даярлау Жұмыс тобының «Қазақ тілінің классикалық латыннегізді әліпбиі»



## «Екінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» резолюциясы 2018 жылы

2018 жылдың 20-21 қараша айының аралығында Түркияның Мармара университетінің ұйымдастыруымен «Екінші халықаралық түркі әліпби

симпозиумы» өтті [қ.: № 14]:. Бірінші симпозиум осы хаттың басында көрсетілгендей 1991 жылы өткізілген еді.

Халықаралық басқосуға Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Чувашия, Солтүстік Кипр және АҚШ пен Еуропа ғалымдары қатысты.

Алқалы жиынға түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар 28 жыл бұрын өткен бірінші конференцияда қабылданған Ортақ түркі әліпбиін тағы да бірауыздан мақұлдап, қолхатпен Қарарға қолдарын қойып, сол резолюцияның ең бірінші бабында 1991 жылдың 18-20 қараша айында мақұлданған әліпбиді барша түркі елдер латын графикалы жазуға көшу шешімін қабылдаған жағдайда ұстанғанның маңызы мен артықшылығына ерекше тоқталды.

Аталмыш басқосудың халықаралық

беделін ескере отырып, жазбаша қабылданған қарарын – ғылыми құжат ретінде толық беруді жөн көрдік [қ.: № 15].



№ 14 «Екінші халықаралық түркі әліпби симпозиумы». 2018

İKİNCİ MİLLETLERARASI ÇAĞDAŞ TÜRK ALFABELERİ SEMPOZYUMU (20-21 KASIM 2018) SONUÇ BİLDİRGESİ

Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü tarafından ilki 18-20 Kasım 1991 tarihlerinde yapılan toplantının devamı niteliğindeki "İkinci Milletlerarası Çağdaş Türk Alfabeleri Sempozyumu" 20-21 Kasım 2018 tarihleri arasında İstanbul'da düzenlenmiş ve çalışmalarını yüksek bilimsel seviyede yürüterek tamamlamıştır.

Bilimsel sunum ve tartışmalar sonucunda şu görüşlere varılmıştır:

1. 18-20 Kasım 1991 tarihleri arasında düzenlenmiş olan "Çağdaş Türk Alfabeleri Sempozyumu" nun Sonuç Bildirgesi'nde tavsiye edilen Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesinin kullanılması, bir kez daha sempozyum katılımcıları tarafından oy birliğiyle tasvip ve tasdik edilmiştir.

2. Geçen yıllar süresince Latin alfabesine geçiş yönünde kısmen de olsa olumlu gelişmeler olduğu tespit edilmiş ve bu durum memnuniyetle karşılanmıştır. Latin alfabesine geçiş hususunda Türk Dünyası aydınlarının birbiriyle daha çok iletişim halinde olması ve mümkün oldukça Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesini esas alarak çalışmalarını sürdürmeleri tavsiye ve temenni edilmiştir.

3. Sempozyuma katılan bilim insanları, bağımsız Türk Cumhuriyetlerinde olduğu gibi, diğer Türk devlet ve topluluklarında da Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesinin kabulünün, Türk halklarının birbirini anlamasında ve kültür birliğinin pekiştirilmesinde çok önemli bir unsur olduğunu vurgulamışlardır.

4. Sempozyum katılımcıları, Latin alfabesine geçme kararı alan Kazakistan'ın belirlediği Kazak Latin alfabetesinin Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesine uyumlu olması ve bu alfabedeki karakterlerin yer aldığı ISO/IEC 8859-9 Latin-5 karakter seti içerisinden seçilmesi yönündeki arzu ve temennilerini dile getirmişlerdir.

5. Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesinin uygulamaya geçirilebilmesi için Türk devlet ve topluluklarında belirli aralıklarla toplantılar düzenlenmesi, bunun için internet ağının kurulması ve böylelikle konunun gündemde tutulması tavsiye edilmiştir.

6. Latin esaslı Türk Dünyası ortak alfabetesinin Türk halklarında uygulamaya geçirilmesi çalışmaları için Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi (Türk Keneşi) bünyesinde bir Alfabe Komisyonunun kurulması ve 1920'li yıllardan itibaren Türk Dili, Türk Dünyası, Türk yazı dilleri ve alfabeleri üzerine yüzlerce faaliyet düzenlemiş, eserler yayımlamış olan Türk Dünyası Dil Kurumlarının tecrübelerinden faydalanılması önerilmiştir.

7. Bu Sempozyumda alınan bilimsel kararların yetkili organlara duyurulması tavsiye edilmiştir.

Prof. Dr. Ahmet Bican Erçilasun  
ANKARA

21 Kasım 2018, İstanbul

Prof. Dr. Gürer Gülbeyin, Türk Dil Kurumu, Bosna - Ankara  
Prof. Dr. Okan Şişliot, Marmara Üniversitesi, İstanbul  
Doç. Dr. Bilal Çakıcı, TBK Bşk. Yrd., Ankara  
Doç. Dr. Özlem Deniz Yılmaz, Marmara Üniv., İstanbul  
Prof. Dr. Mustafa Arzuşah Erçiyos Üni. Kayseri

İKİNCİ MİLLETLERARASI ÇAĞDAŞ TÜRK ALFABELERİ SEMPOZYUMU (20-21 KASIM 2018) SONUÇ BİLDİRGESİ

Prof. Dr. Mehmet AĞA, Marmara Ün., İstanbul  
Dr. Elgin İbrahimov, Azərbaycan Milli İhtiva Akademiyası, Bakü

Dr. Rafael Muhametdinov  
Türk Dünyası Kurumu.

Prof. Dr. Cahide S. Özalp, İstanbul  
İstanbul, Marmara Üniv.

Prof. Dr. Zehra Kültürad, İstanbul  
İstanbul, Marmara Üniversitesi

Prof. Dr. Erden Kaja, Kazakistan  
Kazakistan Ahmet Baytursınulu Dil Bilimi Enstitüsü Md.

Prof. Dr. Hülya Kasapoğlu Garpel  
Ankara Hacı Bayram Üniv.

Prof. Dr. Alimcan İsmet, Ege Üniversitesi  
Ege Üniversitesi

Prof. Dr. Rıfat Rüstemov, Bakü Devlet Üniversitesi, Bakü

Prof. Dr. Mustafa ÖNER  
(Ege Üniversitesi) İzmir

Prof. Dr. Yavuz Akpınar  
Ege Üniv. İzmir

Prof. Dr. Bilgehan Atsız Gökdağ  
Kırıkkale Üniv. Kırıkkale

İKİNCİ MİLLETLERARASI ÇAĞDAŞ TÜRK ALFABELERİ SEMPOZYUMU (20-21 KASIM 2018) SONUÇ BİLDİRGESİ

Prof. Dr. Tapşolot Sadıkov, Kırgızistan,  
Bişkek Sosyal Bilimler Karasay Üniversitesi  
U. Sadıkov

Prof. Dr. Sarybay Musayev, Kırgızistan,  
Bişkek, U. İbratov Milliyet Üniversitesi

Prof. Dr. Emine Gürsoy Naskali  
Marmara Üniversitesi, İstanbul.

Kuralay Kuderinova, "Dil-Mazine"  
ulusal merkezi, Astana, Kazakistan

Prof. Dr. Sebahat DENİZ,  
Marmara Üniversitesi - İstanbul

Prof. Dr. Timur Kocaoğlu, Michigan State University, ABD

Prof. Dr. Aldash Amankul, Kazakistan  
Kazakistan Almaty Baytursınulu Bilimi Enstitüsü

İKİNCİ MİLLETLERARASI ÇAĞDAŞ TÜRK ALFABELERİ SEMPOZYUMU (20-21 KASIM 2018) SONUÇ BİLDİRGESİ

Prof. Dr. Zeynep Baratkuyova  
Almaty, Kazakistan. Fil Bilimi  
Instituty.

Prof. Dr. Gülşen SEYHAN ALIŞIK  
Marmara Üniversitesi

Prof. Dr. Nadir DEVLET  
İstanbul Aydın Üniversitesi

Prof. Dr. Erdem ŞAHİN Marmara Üniv.

Prof. Dr. Zükrü Haluk AKACI  
Hacettepe Üniversitesi

Alimkhan Junisbek, Almaty, Kazakistan

Dr. Öğr. Üyesi Mehdi Gençeli

Dr. Öğr. Gör. Leylan Şahin

Dr. Öğr. Üyesi Ali Kasaca, Marmara Üniv., İstanbul  
Dr. Bülent GÜZELİK Köksal, Marmara Üniv., İstanbul

№ 15. «Екінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» Карары.

Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Чувашия, Солтүстік Кипр, АҚШ пен Еуропа ғалымдары қатысқан «Екінші халықаралық түркі әліпби симпозиумы» мақұлдаған Ортақ түркі әліпбиінің негізінде жасақталған латынграфикалы қазақ тілінің әліпбиі [қ.: № 16]:

<b>A a</b>	<b>Ğ ğ</b>	<b>L l</b>	<b>S s</b>
<b>Ә ә</b>	<b>H h</b>	<b>M m</b>	<b>Ş ş</b>
<b>B b</b>	<b>İ i</b>	<b>N n</b>	<b>T t</b>
<b>Ç ç</b>	<b>ı ı</b>	<b>Ñ ñ</b>	<b>U u</b>
<b>D d</b>	<b>Y y</b>	<b>O o</b>	<b>Ü ü</b>
<b>E e</b>	<b>J j</b>	<b>Ö ö</b>	<b>V v</b>
<b>F f</b>	<b>K k</b>	<b>P p</b>	<b>W w</b>
<b>G g</b>	<b>Q q</b>	<b>R r</b>	<b>Z z</b>

№ 16. «Екінші халықаралық түркі әліпби симпозиумының» қарарына сәйкес қазақ тілінің латын әліпбиі (2018)

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА ӘЛІПБИ:  
Тіл мамандарының ортақ тұжырымы»  
атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстел**

**2019 ж. 6 қараша**



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіру керек» деген тапсырмасын орындау мақсатында –

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның «Қазақ тілін латын графикасына көшіру» жөніндегі Жұмыс тобы
- Халықаралық түркі академиясы
- Қазақстан халқы Ассамблеясы
- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
- Назарбаев университеті
- ҚР БҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
- Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
- Халықаралық түріктану орталығы
- Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
- Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
- Еуразия ғылыми-зерттеу институты
- ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты

және республиканың басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының тіл мамандары биылғы жылдың 6 қарашасында, «Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиі: Мамандардың пікірі» атты ғылыми-практикалық конференцияға [қ.: № 17] қатысып, жасалған ғылыми баяндамалар мен жан-

















№ 17. «Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиі: Мамандардың пікірі» атты ғылыми-практикалық конференция (2019)

жақты егжей-тегжейлі талқылау нәтижесінде жазбаша түрде (қолхат негізінде) ортақ шешімді қабылдады [қ.: № 18].

Тіл мамандары 1991 ж. ұсынған Ортақ түркі әліпбиі, 1992-1995 ж. халықаралық конференциялардың қарарларына сәйкес, 2006 - 2015 ж. аралығында БҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты зерттеулері нәтижесі бойынша, 2012 ж. 1 желтоқсанында түркі тілдес мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық ұйымы «Türk Keneşi» ұсынымына сай, 2015-2016 ж. Халықаралық Түркі академиясының ғылыми зерделеуі мен соның қорытындысы ретінде ұсынылған қазақ тілінің ұлттық латын әліпбиінің нұсқасына және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы қоғамдық сананы жаңғырту Ұлттық комиссияның «Қазақ тілін латын графикасына көшіру

жөніндегі Жұмыс тобының» 2017 ж. тамыз айында мақұлдаған әліпбиі негізінде – «Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиі: Мамандардың пікірі» атты ғылыми-практикалық конференцияның қатысушылары бірауыздан төмендегі Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиін [қ.: № 19] мақұлдады:

Әлібек Асқар	Ш.Шаяхметов ат. «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Бас директоры	
Оразбаева Фаузия	«Латын» ғылыми-практикалық орталығының директоры, филол.ғ.д., проф.	
Сағидолда Гүлғайша	Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, филол.ғ.д., проф.	
Махпиров В.	Абылай хан ат. ҚазХҚЖӘТ, филол.ғ.д., проф.	
Осман Асылы	«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрағасы	
Конқобаев Қадырәли	Халықаралық Түрік академиясының Аға сарапшысы, филол.ғ.д., проф.	
Шамилоглу Юлай	Назарбаев университеті	
Қыдыр Төрәлі	М.О.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филол.ғ.к., доцент	
Жұмабекова Айгүл	Абай ат. ҚазҰПУ, филол.ғ.д., проф.	
Ермекова Тыныштық	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, филол.ғ.д., проф.	
Салқынбай Анар	әл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.д., проф.	
Есенова Қалбике	Абай ат. ҚазҰПУ, филол.ғ.д., проф.	
Қосымова Гүлбану	Абай ат. ҚазҰПУ, филол.ғ.д., проф.	
Қалыбаева Қаламқас	Абай ат. ҚазҰПУ, филол.ғ.д., доцент	

№ 18. «Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиі: Мамандардың пікірі» атты ғылыми-практикалық конференция Қарары – қолхаттан үзінді (2019)

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ä ä	H h	M m	Ş ş
B b	İ i	N n	T t
Ç ç	I ı	Ŋ ŋ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

№ 19. «Қазақ тілінің латыннегізді әліпбиі: Мамандардың пікірі» атты ғылыми-практикалық конференция мақұлдаған әліпби (2019)

**Ескерту 1:**

1. [й] дыбысы у әрпімен беріледі.
2. [і] дыбысының [ы] сыңары ұқсас **ı** таңбасымен беріледі.
3. **w** әрпімен қазақтың төл дауыссыз дыбысы таңбаланады: *taw, sawap*.

**Ескерту 2:**

Халықаралық практикаға сәйкес, кейбір кірме дыбыстары төл дыбыстарды таңбалайтын әріптерімен таңбаланады. Бұл мәселе арнайы ережемен реттеледі –

4. [i] әрпімен төл сөздерде [i] дыбысы (*ini, kim, til, din*) және кірме сөздерде [и] дыбысы (*ministr, internet* [министр, интернет]) беріледі.
5. [u] әрпімен төл сөздердегі [ү] дыбысын да (*ult, tul, tur, Nur-Sultan*), кірме сөздерде кездесетін дауысты [y] дыбысын да (*universitet, prokuratura*) таңбалаймыз.

**ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы**

**«Ұлы дала тұлғалары: Қазақтану іліміндегі академик Ә.Т.Қайдардың  
тілдік әлемі» атты халықаралық форум**

**2019**

**6 желтоқсан**

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 2019 жылдың 6 желтоқсанында өткізген «Ұлы дала тұлғалары: Қазақтану іліміндегі академик Ә.Т.Қайдардың тілдік әлемі» атты халықаралық форумға [қ.: № 20] қатысушы мекемелер:



№ 20. «Ұлы дала тұлғалары: Қазақтану іліміндегі академик Ә.Т.Қайдардың тілдік әлемі» атты халықаралық форум (2019)

• ҚР  
Білім  
және  
ҒЫЛЫМ

министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы);

- Қазақстан халқы Ассамблеясы (Нұр-Сұлтан);
- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы (Алматы);
- Халықаралық Түркі академиясы (Нұр-Сұлтан);
- Назарбаев университеті (Нұр-Сұлтан);
- Висконсин университеті (АҚШ);
- «Еуразия» ғылыми-зерттеу институты (Алматы);
- Гуманитарлық зерттеулер және Саян-Алтай түркологиясы институты (Хакассия);
- Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы);
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

- (Нұр-Сұлтан);
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы);
  - Кырықшехир Ахи Евран Университеті (Түркия);
  - Башқұрт мемлекеттік университеті (Уфа);
  - Ресей Ғылым академиясының Солтүстік Сібір бөлігіне қарасты Саны аз халықтар мәселесі және гуманитарлық зерттеулер институты (Якутск);
  - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы);
  - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы);
  - «ҚМЭБИ» университеті (Алматы);
  - ҚР Ұлттық кітапханасы (Алматы);
  - ҚР Жазушылар Одағы (Алматы);
  - «Президент және халық» газеті (Алматы);
  - «Ана тілі» газеті (Алматы);
  - «Егемен Қазақстан» газеті (Нұр-Сұлтан);
  - «Қазақтану институты» және «Қазақтану» журналы (Нұр-Сұлтан);
  - Алматы қаласының әкімдігі (Алматы);
  - Алматы облысының әкімдігі (Талдықорған).

Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі көп жылдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры болған Әбдуәлі Туғанбайұлының жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл біліміне қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның өзі жариялаған 700-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 1000 б.т. астам) зерттеулерден, оларда көтерілген сан алуан (50-ден астам) лингвистикалық проблемалардың теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көрінеді.

Солардың ішінде жеке кітап түрінде жарық көрген монография, жинақ, сөздік, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары мен кітапшаларының жалпы саны – 60.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі.

Форумға қатысушылардың ұсынысы бойынша, атап айтсақ, академиктің шәкірті, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, проф. Жансейіт Түймебаев, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы, Назарбаев университеті Қазақ тілі мен түркітану кафедрасының меңгерушісі, Висконсин-Мадисон университетінің профессоры Йұлай Шәмілұлы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек, «Президент және халық» газетінің бас редакторы, профессор Марат Тоқашбаев, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ түркология кафедрасының



профессоры, филология ғылымдарының докторы Мағрипа Ескеева, Қазақтану институтының директоры және «Қазақтану» журналының бас редакторы Бақтыбай Жұмаділда және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, проф. Ерден Қажыбектың бастамасымен – алқалы басқосу Қарарына қазақ тілінің латын графикалы әліпбиіне ғылыми негіз ретінде академик Ә.Т.Қайдаров жобасы алынсын деген ұсыныс бірауыздан қабылданды [қ.: № 21].



**2021 ж. 30 сәуірде**  
**«ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АУҚЫМДЫ**  
**РЕФОРМАСЫ»** атты халықаралық дөңгелек үстел өтті.



Модератор – Е.Қажыбек

Баяндамашылар:

Берік Әбдіғали – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Нұрсұлтан қалалық филиалының басқарма төрағасы  
Анар Фазылжанова – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Бексұлтан Нұржекеұлы – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы

Әлімхан Жүнісбек – филология ғылымдарының

докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, орфографиялық жұмыс тобының мүшесі

Хенрик Янковский – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Еуропа өкілдігінің жетекшісі, А.Мицкевич университеті (Польша), Түркітану кафедрасының меңгерішісі проф., доктор

Анар Салқынбай – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Юлай Шәмілұлы – Американдық түркітанушылар ассоциациясының Президенті (АҚШ), Назарбаев Университеті «Қазақ тілі және түркология» кафедрасының меңгерушісі, профессор

Қаламқас Қалыбай – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, орфографиялық жұмыс тобының мүшесі

Әбдуахап Қара – Мимар Синан университетінің профессоры (Түркия)

Мағрипа Ескеева – филология ғылымдарының докторы, Л.Н Гумилев атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Мұстафа Өнер – Измир университетінің профессоры (Түркия)

Ж.б.

**Қатысушылар бірауыздан Ортақ түркі әліпби нұсқасын мақұлдады.**

15 желтоқсан 2021

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған  
"ОРТАҚ ТАРИХ – ОРТАҚ МҮДДЕ – ОРТАҚ ЖАЗУ"  
атты Халықаралық симпозиум**



**Ерден ҚАЖЫБЕК**  
Модератор

Қатысушылар

**Бағдат ӘМРЕЕВ**  
Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы

**Вакур СУМЕР**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры

**Дүйсен ҚАСЕЙІН**  
Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы

**Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ**  
ҚР Білім және ғылым министрі

**Берік ӘБДІҒАЛИ**

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

**Ахмет Бижан ЕРЖИЛАСУН** (Анкара)

**Камал АБДУЛЛА** (Баку – Baku)

Халықаралық "Түркология" ғылыми журналының Бас редакторы, Әзербайжан тілдер университетінің ректоры

**Гүрер ГҮЛСЕВИН** (Анкара - Ankara)

Түрік Тіл Құрымының Басшысы

**Бүлент БАЙРАМ**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология институтының директоры (Түркістан)

**Юлай ШӘМІЛҰЛЫ** (Нұр-Сұлтан - Мадисон)  
Назарбаев университеті "Қазақ тілі және  
түркология" кафедрa меңгерушісі, Америка  
түркологтар ассоциациясының президенті

**Дәуіт Қара ШОМФАЙ** (Будапешт)  
Мажарстан Ғылым академиясы Этнология институтының жетекші ғылыми  
қызметкері

**Бердияр ЙҰСУФ** (Ташкент)  
Өзбекстан Ғылым академиясы Өзбек тілі, әдебиеті және фольклоры  
институтының Жетекші ғылыми қызметкері

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛІ** (Нұр-Сұлтан)  
Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының Вице-  
Президенті

**Мағрипа ЕСКЕЕВА** (Нұр-Сұлтан)  
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**Қадыралы ҚОҢҚОБАЙ** (Бішкек)  
Қырғыз-Түрік Манас университетінің профессоры

**Анар САЛҚЫНБАЙ** (Алматы)  
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті Тіл білімі кафедрасының  
меңгерушісі, нiңпрофессор

**Бехруз БЕКБАБАИ** (Тегеран)  
Алламе Табатабаи университеті Түркітану кафедрасының меңгерушісі

**Қаламқас ҚАЛЫБАЕВА** (Алматы)  
Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

**Руслан АРЗИЕВ**(Алматы)  
Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, филология  
ғылымдарының кандидаты

**Аман АБАСИЛОВ** (Қызылорда)  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған  
профессоры

**Бақтыбай ЖҰМАДІЛДА** (Нұр-Сұлтан)  
Қазақтану институтының директоры, "Қазақтану" журналының Бас редакторы

**Бижомарт ҚАПАЛБЕК** (Алматы - Almatı)

Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры,  
филол. ғыл. кандидаты

**Қатысушылар бірауыздан Ортақ түркі әліпби нұсқасын мақұлдады.**

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ä ä	H h	M m	Ş ş
B b	İ i	N n	T t
Ç ç	ı ı	Ŋ ŋ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

2022



<https://youtu.be/ErwOX9tqKo>

2022 жылдың 3 маусымында Алматы қаласы, «InterContinental» қонақ үйінің «Абай» салонында **«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА – ЖАҢА ӘЛІПБИМЕН» тақырыбында** «Халықаралық қазақ тілі академиясы» және «Халықаралық түріктану орталығының» біріккен отырысы өтті.



Басқосуда ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін әрі әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз етудің бірегей негізі болған латын әліпбиі жобасын



жүзеге асыруда кездесетін негізгі мәселелер мен оны тиімді шешудің жолдары талқыланды.



Ісшараға елімізге танымал тілші мамандар, шетелдік ғалымдар, қонақтар, ұлттық университеттері мен ғылыми-зерттеу институттарының жетекші қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Бағдарлама бойынша «Халықаралық қазақ тілі академиясы» президенті және «Халықаралық түріктану орталығының» төрағасы,



Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы Ерден Қажыбектің «Қазақ тілі мамандары мен түркітанушылардың соңғы 30 жылдың аралығында ұсынып отырған ұлттық қазақ жазуының ортақ және бірден-бір нұсқасы жөнінде» баяндамасы және филология ғылымдарының кандидаты Бижомарт Қапалбектың «Халықаралық қазақ тілі академиясы жанынан «Ғылыми-әдістемелік сараптау кеңесті» құру туралы ақпараты тыңдалды.

Басты сөзінде Ерден Задаұлы мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіру керек» деген тапсырмасының маңызына тоқталды. «Біз не үшін, неге әліпбиімізді өзгертуге шешім қабылдадық? Әлбетте, айналдырған жалғыз латын алфавит негізінде басқа бауырлас түркі елдерінің әліпбилеріне мүлде

ұқсамайтын жаңа бір жазуды ойлап табу үшін емес. Керісінше. Тілі мен діні, әдебиеті мен мәдениеті бір-біріне жақын, тарихы ортақ халықтармен етене жақын, ұқсас, бірдей жазуды қолға алу үшін. Бұл қатаң принципті мәселе. Қазақ және отыздан астам басқа түркі елдерінің тілші ғалымдарының осы ұстанымды айтып та, жазып та жүргеніне, міне, отыз жылдан асты...»



Қазақстан  
Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының  
мүше-корреспонденті,  
филология ғылымдарының докторы Фәузия  
Оразбаева, Америка Құрама Штаттары



түркітанушылары ассоциациясының президенті және Назарбаев университетінің «Түркология және қазақ тілі» кафедрасының жетекшісі, профессор Юлай Шәмілұлы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақ тілі» кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Анар Салқынбай, Түркия Республикасы Еге университетінің профессоры Мұстафа Өнер, әл-Фараби



атындағы Қазақ ұлттық университеті ««Түркітану және тіл теориясы» кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Раушан Авакова, Жаратылыстану ғылымдарының академигі, Калифорния университетінің (АҚШ) профессоры, филология ғылымдарының докторы Жұмағали Әбуов, Абай атындағы Қазақ ұлттық

университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қаламқас Қалыбай, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Болат Боранбай, филология ғылымдарының докторы Велинур Махпиров, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті «Еуразия» ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Шыңғысхан Жаналтай, филология ғылымдарының докторы, профессорлар Орынай Жұбаева және Мұхтархан Оразбай, филология ғылымдарының кандидаты Жанар Әбитжанова, Орал университетінің профессоры Мұрат Сабыр, филология ғылымдарының кандидаттары Руслан Арзиев, Болат Жексенғалиев, Ерғали Есбосын, жазушы Хәкім Омар, жастар және БАҚ өкілдері сөз сөйлеп, қазақ ұлттық жазу нұсқасын бірауыздан қолдап, сайып келгенде, қазақ тілі мамандары мен түркітанушылар арасында әрдайым, негізінен, бір нұсқа ұсынылғанын атап өтті.

## Қорытынды

Сайып келгенде, қазақ тілі мамандары мен түркітанушылар арасында әрдайым, негізінен, бір нұсқа ұсынылғанын атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, ғалымдардың пікірі әрқашан бірауызды және бірдей болды.

Бұл жайт осы мәселенің жан-жақты зерделенгенін және қазақ әліпбиінің оңтайлы үлгісін таңдау бойынша ешқандай қиындық жоқ екенін дәлелдейді.

Жоғарыда хронология тәртібі бойынша келтірілген, құжатталған, жарияланған, ресми түрде талай рет мақұлданған тілші ғалымдардың ортақ нұсқасын **қазақ ұлттық жазуы** деп қабылдау [қ.: № 22] дұрыс деп есептейміз:

<b>A a</b>	[a]	<b>Ğ ğ</b>	[ɢ]	<b>L l</b>	[л]	<b>S s</b>	[c]
<b>Ä ä</b>	[ə]	<b>H h</b>	[x ~ h]	<b>M m</b>	[m]	<b>Ş ş</b>	[ш]
<b>B b</b>	[b]	<b>İ i</b>	[i]	<b>N n</b>	[n]	<b>T t</b>	[t]
<b>Ç ç</b>	[ç]	<b>I ı</b>	[ы]	<b>Ŋ ŋ</b>	[ŋ]	<b>U u</b>	[ʉ]
<b>D d</b>	[d]	<b>Y y</b>	[й]	<b>O o</b>	[o]	<b>Ü ü</b>	[y]
<b>E e</b>	[e]	<b>J j</b>	[ж]	<b>Ö ö</b>	[ø]	<b>V v</b>	[v]
<b>F f</b>	[f]	<b>K k</b>	[k]	<b>P p</b>	[p]	<b>W w</b>	дауыс– сыз [y]
<b>G g</b>	[ɣ]	<b>Q q</b>	[q]	<b>R r</b>	[r]	<b>Z z</b>	[z]